

Этикалық комиссияның қорытындысы №1  
Абылай хан атынағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері  
Университеті

1	Докторанттың ТАӘ	Макашева Жанат Становна
2	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	6D020200- халықаралық қатынастар
3	Докторантурада оқу кезеңі	2018-2021
4	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	Әлемдік тәртіптің қалыптасу жағдайындағы Қазақстан Республикасының егеменділігін жүзеге асыру факторының ұлттық мүдделері. Мерзімі: 25.10.2019 ж.
5	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	Отандық кеңесші: ф.ғ.д., проф. Кадыржанов Р.К. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Қазақстан Республикасы. Шетелдік кеңесші: PhD, проф. Ксавье Халлез Аға ғылыми қызметкер, Орталық Азия аймағын зерттеу бойынша Француз институты, Париж, Франция.
6	Зерттеу объектілері	Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері
7	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Анықталмаған
8	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Анықталмаған
9	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	аталған талдау жүргізілмеген

Этикалық комиссияның төрайымы  
э.ғ.д., профессор

Этикалық комиссияның мүшелері



Успанова М.У.

PhD қауымдастырылған профессор

Шұқыжанова А.

PhD, қауымдастырылған профессор

Муминов Н.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері  
Университеті

14 қыркүйек 2022 ж. ғылыми зерттеу жұмысына баға беруші  
Этикалық комиссия отырысының

№ 1 Хаттамасы

**Комиссия төрайымы:** ғылыми және инновациялық жұмыс бойынша проректор,  
э.ғ.д., профессор Успанова М. У.

**Хатшы:** Ұзақбаев Н.

**Комиссия мүшелері:** PhD қауымдастырылған профессор Шұқыжанова А.  
PhD, қауымдастырылған профессор Муминов Н.

**Күн тәртібінде:**

«6D020200 - халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша докторант Ж.С. Макашеваның «Әлемдік тәртіптің қалыптасу жағдайындағы Қазақстан Республикасының егеменділігін жүзеге асыру факторының ұлттық мүдделері» атты диссертациялық жұмысында ғылыми зерттеулердің нәтижелерін бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату барысында, оның ішінде зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау және жоспарлау процесінде бұзушылықтардың болмағандығы жайлы және Қазақстан Республикасының заңнамасының әлеуметтік ғылымдарда қабылданған этикалық нормаларына сәйкестігі туралы қорытынды шығару үшін қарастыру.

**1. Сөз алды: ғылыми зерттеу жұмысына баға беруші комиссияның төрайымы М.У. Успанова.**

М.У. Успанова «6D020200 - халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша докторант Ж.С. Макашеваның диссертациялық жұмысында ғылыми зерттеулердің нәтижелерін бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату барысында, оның ішінде зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау және жоспарлау процесінде бұзушылықтардың болмағандығы жайлы және Қазақстан Республикасының заңнамасының әлеуметтік ғылымдарда қабылданған этикалық нормаларына сәйкестігі туралы қорытынды шығару үшін қарастыру жайлы өтініш бергенін хабарлады.

М.У. Успанова комиссия отырысында ғылыми зерттеу жұмысына баға беруші Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Этикалық комиссия мүшелерінің барлығы қатысқандығы жайлы хабарлады.

**2. Сөз алды: PhD қауымдастырылған профессор Шұқыжанова А.**

Шұқыжанова А. диссертациялық зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдарда қабылданған этикалық нормаларға сай және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес келетінін атап өтті. Докторанттың ғылыми зерттеулері кезінде зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, оларды іріктеу процесінде, оның ішінде зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын (жабайы табиғат пен тіршілік ортасы) қорғауды қоса алғанда, бұзушылықтар байқалмағанын хабарлады.

**3. Сөз алды: PhD, қауымдастырылған профессор Муминов Н.**

Муминов Н. докторанттың ғылыми зерттеу жұмысы этикалық нормаларға сай болуымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне жасалған талдауында авторлық және әлеуметтік құқықтық нормаларын бірдей сақтағандығын атап өтті. Зерттеу материалын әзірлеу, іріктеу және нәтижелерін тұжырымдау барысында бұзушылық байқалмағанын баяндады.

**Қаулы етті:** Докторант Ж.С. Макашеваның «Әлемдік тәртіптің қалыптасу жағдайындағы Қазақстан Республикасының егеменділігін жүзеге асыру факторының ұлттық мүдделері» атты ғылыми зерттеу жұмысы этикалық нормаларға толықтай сәйкес және осы күйінде қорғауға ұсыныла алады.

Комиссия төрайымы

Хатшы



М.У.Успанова

Н.Ұзақбаев